

2024 жылғы қаңтардағы химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2024 ж. қаңтарда құндық көріністе 79,7 млрд теңгені құрады, бұл, 2023 ж. осы кезең көрсеткішінен 6,3% жоғары.

Химия өнімі өндірісінде негізгі үлесті органикалық емес заттар – 51%, тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар – 16%, бояғыштар және пигменттер – 7%, химиялық өнімдер – 6%, пестицидтер және агрохимия – 5%, өнеркәсіптік газ – 4%, негізгі органика – 4%, бастапқы формадағы пластмасса - 3%, ЛКМ - 2%, тұрмыстық химия -2% құрайды.

Физикалық көлем индексі 139,9% құрады.

Өнеркәсіптің аралас салаларында (ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.) сұраныстың өсуі өсудің негізгі себебі болып табылады.

Өндіріс көлемінің ең жоғары өсуін заттай көріністе төмендегі тауарлар көрсетті: хром триоксиді (+16,9%), хром тотығы (+17,2%), фосфор (+54,9%), этил спирті (+9,0%), хром тотығы (+17,2%), сылақ тегістегіштер (+28,4%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+6,5%), азот тыңайтқыштары (+6,2%), бастапқы нысандағы полиуретан (+30,5%).

Химия өнімінің экспорты құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда 1 869,6 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 11,5% артық.

Негізгі экспорт елдері: Ресей (30%), Қытай (19%), Өзбекстан (9%).

Химия өнеркәсібі өнімінің импорты 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда 4 686,8 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы кезең көрсеткішінен 6% артық.

Негізгі импорт елдері: Ресей (38,7%), Қытай (16,6%), Германия (6,3%).

Химия өнімі нарығының көлемі 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда 4 915,4 млн АҚШ долл. (2 098,3 млрд теңге) құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 4,2% артық.

Импорттың өсуі (+6%) өндіріс (+6,4%) және экспорт (+11,3%) көлемінен асып түскендігін атап өткен жөн. ОТӨ үлесі 1,6 т. төмендеді және 4,7% құрады. Импорт өнім үлесі 95,3% құрады.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2024 ж. қаңтарда төмендегі облыстарда байқалады: Жамбыл (27,6%), ШҚО (23%), Ақтөбе (10,2%), Қарағанды (9,4%), Ақмола (7,3%).